
ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
KZ4A0002

**Мамин, Асқар Ұзақбайұлы** —„Қазақстан темір жолы“ ұлттық компаниясы» АҚ-ның президенті.









ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ

# Компания туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 31 қаңтардағы №129 «Қазақстан Республикасы темір жол кәсіпорындарын қайта құру туралы» қаулысымен Алматы теміржол бөлімшесі, Тың теміржолы және Батыс Қазақстан теміржолдарының қосылуы нәтижесінде «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылды. Теміржолдарды біріктіру арқылы тасымалдау үдерісі, артық құрылымдарды қысқарту, теміржол саласын қаржылық-экономикалық сауықтыру көзделеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы наурыздың 15-індегі №310 «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамын құру туралы» қаулысымен «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен оның еншілес кәсіпорындарының бірігуі есебінен «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы құрылды.

2004 жылғы сәуірдің 2-сінде Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы мамырдың 13-інде жарық көрген Заңына сәйкес «ҚТЖ» ҰК» ЖАҚ-ы «ҚТЖ» ҰК» АҚ болып қайта тіркеуден өткізілді.

Қазіргі таңда «ҚТЖ» ҰК» АҚ темір жол саласының тасымалдау үдерісі мен қызметтік міндетін қамтамасыз ететін холдингілік құрылымы бар. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ының бірден бір акционері болып «Самұрық –Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы табылады. Ол Ұлттық компанияның оперативтік жұмыстарына араласпай, корпоративтік басқаруды жетілдіру, бюджет ашықтығын қамтамасыз ету, «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметін Директорлар Кеңесі арқылы басқаруды қамтамасыз етеді.

Оған қоса Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі 2001 жылғы желтоқсанның 8-індегі №266-11 «Теміржол көлігі туралы» Заңға сәйкес, өкілетті орган ретінде теміржол көлігіндегі мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы көлік кешенінің жұмысын үйлестіреді, реттейді, бақылайды.
«ҚТЖ» ҰК» АҚ магистральдық теміржол желісінің, жүк және жолаушылар тасымалының операторы қызметін атқарады. Аталған қызметтер Қазақстан Республикасының «Теміржол көлігі туралы» және «Табиғи монополиялар және реттелетін рынок туралы» Заңдарымен бекітілген.
Бүгінгі таңда темір жол көлігі Қазақстан Республикасының өндірістік инфрақұрылымының маңызды бөлшегі болып табылады. Қазақстанның географиялық орналасуы (теңізге шығу мүмкіндігі болмауы, су кемелері жүретін өзендер болмауы) территориясының кеңдігі, өндірістің шикізаттық құрылымы, автокөлік саласының инфрақұрылымының төмендігі темір жол көлігінің маңыздылығын арттыра түседі.
Қазақстанның теміржол саласы экономиканың дамушы секторы. Соңғы кездері өндірістік және техникалық әлеуеті өсіп келеді. 140 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған.


ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

# Тарихы

- Қазақстан жеріндегі тұңғыш теміржол магистралі 1894 жылдың 25 қазанында Покров слободасы (бүгінде РФ Саратов облысындағы Энгельс қ.) - Орал тар табанды темір жол телімінің құрылысы аяқталғаннан кейін ашылды. Осы жолдың 130 шақырымы қазіргі Қазақстан жері арқылы өткен. Арада 4 жыл өткеннен кейін Урбах-Астрахан тар табанды темір жол іске қосылды. Мұның да 77 шақырымы қазақ даласын басып өтті.
- 1901-1906 жылдары Қазақстан жерінің 1660 шақырымдық аумағын алған, Орта Азия мен Ресейдің орталығын қосатын, Орынбор-Ташкент темір жолы салынды.
- 1914-1917 жылдары болашақ Түрксібтің бір бөлігі Жетісу жолының Арыс-Пішпек телімі салынды.
- 1927-1930 жылдар аралығында салынған ұзындығы 1444 км Түркістан-Сібір (Түрксіб) магистралінің аяқталуы заманалық оқиға болды. Ол Қазақстанды Сібірмен байланыстырып, республиканың экономикалық дамуына және шөлді жерлердің игерілуіне әсер етті.

- 1958 жылдың 1 шілдесінде КСРО-дағы ең ірі Қазақ темір жолы құрылды. Ұзындығы 11 мың шақырымнан асатын ол 15 бөлімшелерден құралды және Қазақстанды Сібір, Орал, Волга жағалауы, Қырғызстан және Орта Азиямен қосып, барлық кеңістікті және меридионалды магистральдарды біріктірді.
- 2004 жылы Қазақстан темір жолы өзінің айрықша межесіне – 100 жылдығы мерейтойына жетті.
- Бұл жыл біздің елде өткізілген Еуропа мен Азияның 25 елінің теміржол басшыларының қатысуымен болған Темір жолдар ынтымақтастығы ұйымы Бас директорлары конференциясының 19-шы отырысымен тұспа-тұс келді.
- Бүгінгі таңда Қазақстан Қытай арасындағы мемлекеттік шекаралық өткелі Достық стансасының маңызы зор. 2004 жылы Достық стансасы арқылы 9,5 миллион тонна жүк тасылды. Бұл жылы станцияның әлеуетін арттыруға 3,5 миллиард теңге бөлінді. Осындай қаржы бөлу арқылы 300 метр жол, 64 көтергіш құрал, вагондарды алмастыру орыны жарақталды. Достық-Актоғай жол телімінде 102 шақырымдық жолдың үстіңгі қабаты жақсартылып, пойыздың жылдамдығы сағатына 80 шақырымға дейін жеткізілді. Сол жылы Достық стансасында теміржолшылар мен олардың отбасы мүшелеріне арнап 11 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.



200stran.ru
200stran.ru

**«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» Акционерлік Қоғамы – әртүрлі саладағы мемлекеттік активтерді (меншікті) басқаратын холдинг. Холдингтің негізгі құрылтайшысы және иесі Қазақстан Республикасының Үкіметі. Қор ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан 2008 жылғы 13 қазандағы №669 Жарлығына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысы на сәйкес «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамы мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі акционерлік қоғамын біріктіру жолымен құрылды . 2010 жылдың 31 желтоқсанына қордың активы 12 815,3 млрд теңгені құрады. Бұл көрсеткіш 2009 жылмен салыстырғанда 1 741,3 млрд теңгеге өскен .**

## «Самұрық-Қазына» басқарма төрағасы:

## Шөкеев Өмірзақ Естайұлы





**Қор қызметінің негізгі міндеттері: компаниялардың ұзақ мерзімді экономикалық құндылығын барынша көбейту және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру; компанияларды корпоративтік басқарудың ең үздік әлемдік тәжірибесін енгізу және ұлттық және халықаралық ауқымдағы инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асырылуын қамтамасыз ету болып табылады. Қордың ең жоғарғы басқарушы органы - жалғыз үлескер, яғни Қазақстан Республикасының Үкіметі. Басқару органы - Директорлар кеңесінен тұрады, ал атқарушы орган қызметін басқарма атқарады. Қордың барлық шаруашылық қызметі ішкі және сыртқы аудит арқылы бақыланады.**

# Тарихы

- Қордың негізгі қызметі ұлттық даму институттары мен ұлттық компаниялардағы және басқа да заңды тұлғалардың меншігіндегі мемлекетке тиесілі үлестерді (пакеттерді) басқару. Қордың жалғыз ғана акционері, яғни иесі бар. Ол Қазақстан Республикасының Үкіметі. Қордың қызметі ашықтық және тиімділік қағидасының негізінде жүргізіледі. Негізгі бағыт мемлекеттік активтердің бәсекелес нарықты ортада тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Алдына қойылған талаптарды орындау мақсатында қор бірнеше сала бойынша басымдықтар анықтады. Олар: мұнай және газ, электро энергетикасы, металлургия, инфрақұрылым және химия өнеркәсібі.

- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын арттыру және әлемдік нарықтағы өзгерістердің елдегі экономикалық өсуге ықтимал жайсыз әсер етуі факторларынан сақтандыру үшін құрылды. Қор 2008 жылы алдында жеке дара ұйым болатын «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамы мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі акционерлік қоғамын біріктіру негізінде пайда болды. Жаңадан құрылған ұйымның капитализациясын өсіру мақсатында Президент мемлекеттік бюджеттен 5 млрд АҚШ долларын және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 10 млрд АҚШ долларын бөлуді тапсырды.

- Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі индустриялық-инновациялық даму Стратегиясының аясында бірнеше ұлттық даму инстиуттары құрылған болатын. Мемлекет меншігін тиімді басқару үшін Сингапурлық "Temasek" холдингінің мысалында мемлекеттік холдинг құру идеясы талқыланды

- 2006 жылдың қаңтар айында «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі акционерлік қоғамы құрылды. Мемлекеттік холдингке «Қазақтелеком», «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы»,«Қазақстан темір жолы» ҰК», «Қазпошта», «ҚазМұнайГаз» ҰК» және басқа 14 акционерлік қоғамдардағы мемлекеттік үлестер (пакеттер) өтті. Мемлекеттік холдингтің мақсаты бәсекеге қабілетті тауарлар мен өнімдер шығаруда қосымша құрал ретінде көмек беру болатын
- 2009 жылы басталған экономикалық дағдарыс Қазақстан басшылығынан дағдарысқа төтеп беретін бағдарламаны талап етті. Бағдарламаны қабылданғаннан кейін оны орындауды үкіметке емес, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорына орындауға тапсырылды .Қазіргі уақытта холдингтің келесідей функциялары бар: • Қаржы секторын тұрақтандыру • Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу • Шағын және орта бизнесті қолдау • Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту • Инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру

# «Самұрық-Қазына» холдингіне қырықтан астам ұйым кіреді. Солардың ішіндегі компаниялардың көбісі 1990 жылдары құрылса, басқалары әлемдік қаржылық дағдарысқа байланысты пайда болған. Холдинг 2010 жылдың 4 мамырына қарай келесідей активтерге ие болған:

| № | Компания аты | Қор үлесі | Активтері (млн) | Табыс | Таза пайдасы | Өз капиталы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ | 100% | 5 752 400 | 2 098 943 | 305 309 | |
| 2. | «Қазақстан Темір Жолы» АҚ | 100% | 1 300 467 | 583 900 | 65 155 | |
| 3. | «KEGOC» АҚ | 100% | 180 368 | 44 408 | 5 796 | |
| 4. | «Қазақтелеком» АҚ | 45.90% | 370 562 | 152 732 | 34 220 | |
| 5. | «Қазпошта» АҚ | 100% | 33 197 | 18 822 | 281 | |
| 6. | «Эйр Астана» АҚ | 51% | 49 134 | 97 470 | 11 360 | |
| 7. | «Самұрық-Энерго» АҚ | 94.01% | Example | 76 940 | 10 863 | |
| 8. | «Академик Ш.Ч. Чокин атындағы Қазақ энергетика ғылыми-зерттеу институты» | 50+1% | 697 | 415 | -19 | |
| 9. | «Электр энергиясы ауқымы рыногінің қазақстандық операторы» | 100% | 168 | | | |
| 10. | «Аэропорт Павлодар» АҚ | 100% | 305 | 455 | 4 | |
| 11. | «Атырау халықаралық Аэропорты» АҚ | 100% | 3 976 | 2 022 | 214 | |
| 12. | «Ақтөбе» Халықаралық Аэропорты» АҚ | 100% | 3 035 | 1 058 | - 77 | |
| 13. | «Самурық-Қазына Инвест» ЖШС | 100% | 518 | 558 | 55 | |
| 14. | «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС | 100% | 2 307 | 327 | 59 | |
| 15. | «Қазақстан Даму банкі» АҚ | 100% | 958 611 | 54 159 | 2 226 | |
| 16. | «Kazyna Capital Management» АҚ | 100% | 76 072 | 2 916 | 2 242 | |
| 17. | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту Қоры» АҚ | 100% | 218 500 | 19 712 | 14 049 | |
| 18. | «Ұлттық Инновациялық Қор» АҚ (07.08.2009 ж. Сауда және Индустрия министрлігінің басқаруына берілді) | 100% | 27 111 | 843 | 2 656 | |
| 19. | «Экспорттық несие мен инвестицияларды сақтандырудың Мемлекеттік Сақтандыру корпорациясы» АҚ | 100% | 12 850 | 1 174 | 839 | |
| 20. | «Қазақстанның Инвестициялық Қоры» АҚ | 100% | 25 620 | 1 158 | 2 656 | |
| 21. | «Астана Финанс» АҚ | 5.52% | | | | |
| 22. | «Майкайыңалтын» АҚ | 25% | Example | | | |
| 23. | «Қазатомпром» Ұлттық атом компаниясы» АҚ | 100% | 528 537 | 230 940 | 59 014 | |
| 24. | «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» акционерлік қоғамы | 84 542 | 1 359 | 383 | | |
| 25. | «Біріккен химиялық компания» ЖШС | 100% | 3 790 | 0 | -888 | |
| 26. | [[СК-Фармация\|«СК-Фармация» ЖШС | 100% | 16 693 | | 2 483 | |
| 27. | «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы | 100% | 2 453 | 0 | -584 | |
| 28. | «Казахстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы АҚ | Example | 24 698 | 15 423 | 322 | |
| 29. | «Инвестицияларға ықпалдасудың қазақстандық орталығы» | 100% | | | | |
| 30. | «Стресстік активтер Қоры» АҚ | 100% | Example | | | |
| 31. | «БТА Банк» АҚ | 75.1% | 1 895 710 | 164 867 | 988 035 | |
| 32. | KGF Management | 100% | Example | | | |
| 33. | KGF SLP | 100% | Example | | | |
| 34. | KGF IM | 100% | Example | | | |
| 35. | «Қазақстанның жинақтаушы Халық банкі» АҚ | Example | Example | | | |
| 36. | «Казкоммерцбанк» АҚ | 21.26% | Example | | | |
| 37. | «Темірбанк» АҚ | 79.9% | 243 999 | 29 613 | 80 863 | |
| 38. | «Альянс Банк» АҚ | 67.07% | 427 584 | 48 912 | 334 434 | |
| 39. | «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ | 1.67% | Example | | | |
| 40. | «Павлодар мұнай-химиялық зауыты» АҚ | 42% | Example | | | |

| № | Компания аты | Қор үлесі | Активтері (млн) | Табыс | Таза пайдасы | Өз капиталы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ | 100% | 5 752 400 | 2 098 943 | 305 309 | |
| 2. | «Қазақстан Темір Жолы» АҚ | 100% | 1 300 467 | 583 900 | 65 155 | |
| 3. | «KEGOC» АҚ | 100% | 180 368 | 44 408 | 5 796 | |
| 4. | «Қазақтелеком» АҚ | 45.90% | 370 562 | 152 732 | 34 220 | |
| 5. | «Қазпошта» АҚ | 100% | 33 197 | 18 822 | 281 | |
| 6. | «Эйр Астана» АҚ | 51% | 49 134 | 97 470 | 11 360 | |
| 7. | «Самұрық-Энерго» АҚ | 94.01% | Example | 76 940 | 10 863 | |
| 8. | «Академик Ш.Ч. Чокин атындағы Қазақ энергетика ғылыми-зерттеу институты» | 50+1% | 697 | 415 | -19 | |
| 9. | «Электр энергиясы ауқымы рыногінің қазақстандық операторы» | 100% | 168 | | | |
| 10. | «Аэропорт Павлодар» АҚ | 100% | 305 | 455 | 4 | |
| 11. | «Атырау халықаралық Аэропорты» АҚ | 100% | 3 976 | 2 022 | 214 | |
| 12. | «Ақтөбе» Халықаралық Аэропорты» АҚ | 100% | 3 035 | 1 058 | - 77 | |
| 13. | «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС | 100% | 518 | 558 | 55 | |
| 14. | «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС | 100% | 2 307 | 327 | 59 | |
| 15. | «Қазақстан Даму банкі» АҚ | 100% | 958 611 | 54 159 | 2 226 | |
| 16. | «Kazyna Capital Management» АҚ | 100% | 76 072 | 2 916 | 2 242 | |
| 17. | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту Қоры» АҚ | 100% | 218 500 | 19 712 | 14 049 | |
| 18. | «Ұлттық Инновациялық Қор» АҚ (07.08.2009 ж. Сауда және Индустрия министірлігінің басқаруына берілді) | 100% | 27 111 | 843 | 2 656 | |
| 19. | «Экспорттық несие мен инвестицияларды сақтандырудың Мемлекеттік Сақтандыру корпорациясы» АҚ | 100% | 12 850 | 1 174 | 839 | |
| 20. | «Қазақстанның Инвестициялық Қоры» АҚ | 100% | 25 620 | 1 158 | 2 656 | |
| 21. | «Астана Финанс» АҚ | 5.52% | | | | |
| 22. | «Майкайыңалтын» АҚ | 25% | Example | | | |
| 23. | «Қазатомпром» Ұлттық атом компаниясы» АҚ | 100% | 528 537 | 230 940 | 59 014 | |
| 24. | «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» акционерлік қоғамы | 84 542 | 1 359 | 383 | | |
| 25. | «Біріккен химиялық компания» ЖШС | 100% | 3 790 | 0 | -888 | |
| 26. | [[СК-Фармация\|«СК-Фармация» ЖШС | 100% | 16 693 | | 2 483 | |
| 27. | «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы | 100% | 2 453 | 0 | -584 | |
| 28. | «Казахстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы АҚ | Example | 24 698 | 15 423 | 322 | |
| 29. | «Инвестицияларға ықпалдасудың қазақстандық орталығы» | 100% | | | | |
| 30. | «Стресстік активтер Қоры» АҚ | 100% | Example | | | |
| 31. | «БТА Банк» АҚ | 75.1% | 1 895 710 | 164 867 | 988 035 | |
| 32. | KGF Management | 100% | Example | | | |
| 33. | KGF SLP | 100% | Example | | | |
| 34. | KGF IM | 100% | Example | | | |
| 35. | «Қазақстанның жинақтаушы Халық банкі» АҚ | Example | Example | | | |
| 36. | «Казкоммерцбанк» АҚ | 21.26% | Example | | | |
| 37. | «Темірбанк» АҚ | 79.9% | 243 999 | 29 613 | 80 863 | |
| 38. | «Альянс Банк» АҚ | 67.07% | 427 584 | 48 912 | 334 434 | |
| 39. | «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ | 1.67% | Example | | | |
| 40. | «Павлодар мұнай-химиялық зауыты» АҚ | 42% | Example | | | |

# Сарапшы клубы

**«Сарапшы» клубы – қордың қызметіне қатысты барынша маңызды проблемалар мен әлеуметтік-экономикалық үдерістерді талқылауға арналған ақпараттық және аналитикалық алаң. Клуб «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының төрағасы Тимур Құлыбаевтың бастамасы бойынша құрылған. Пікірталас клубының шеңберінде белгілі саясаттанушы Нұрлан Ерімбетов  арнайы шақырылған саясаткерлермен және ғалымдармен, мемлекеттік аппарат өкілдерімен және сарапшылармен, публицистермен және кәсіпкерлермен пікір алмасады. Шақырылған бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері көкейкесті мәселелерді тиімді шешуге бағытталған маңызды пікірталастардың куәсі болып қана қоймай, сонымен бірге талқылауларға қатысатын мамандарға сұрақтар қою мүмкіндігіне ие .**

**Самұрық-Қазына ҰӘҚ АҚ " КАМАЗ Мастерс саласы бойынша Дакар жарысытарында өнер көрсететін қазақстандық Астана командасын Бас демеуші ретінде қолдап келеді.**

**Astana Pro Team**
**Самұрық-Қазына ҰӘҚ АҚ "Pro Team Astana" деп аталатын қазақстандық кәсіби велоклубтың негізгі демеушісі. Клуб 2006 жылы "Астана" деп атала бастады. Қор 2008 жылдан бастап бас демеуші болып келеді. Оған дейін клубты қаржылай бірнеше қазақстандық компаниялар тобы қолдаған болатын.**

**Самұрық-Қазына ҰӘҚ АҚ " КАМАЗ Мастерс саласы бойынша Дакар жарысытарында өнер көрсететін қазақстандық Астана командасын Бас демеуші ретінде қолдап келеді.**

## Директорлар кеңесі

**Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар Кеңесінің Төрағасы**
**Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы - Директорлар кеңесінің мүшесі**
**Келімбетов Қайрат Нематұлы**
**Исекешов Әсет Өрентайұлы**
**Жәмішев Болат Бидахметұлы**
**Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы**
**Мыңбаев Сауат Мұхамбетбайұлы**
**Мирчев Александр Васильевич- Тәуелсіз диретор**
**Эванс Сэр Ричард**
**Молдажанова Гүлжан Талапқызы**
**Шөкеев Өмірзақ Естайұлы**
**Қошанов Ерлан Жақанұлыкорпоротивті хатшының қызметін атқарушы**
**Құрманғазиев Жәрдем Есламғалиұлы - корпоротивті хатшының орынбасары, Қордың омбудсмені**

## Басқарма мүшелері

**Шөкеев Өмірзақ Естайұлы - Басқарма төрағасы**
**Бишімбаев Қуандық Уәлиханұлы - Басқарма Төрағасының орынбасары**
**Бахмутова Елена Леонидовна- Басқарма Төрағасының орынбасары**
**Рахметов Нұрлан Құсайынұлы - Басқарушы директор**
**Сарсенбаев Талғат Есенәліұлы - Басқарма мүшесі**


SAMRUK
ENERGY


"САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА" ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ" АҚ
НД НАЦИОНАЛЬНОГО БЛАГОСОСТОЯНИЯ "САМРУК-ҚАЗЫ
SOVEREIGN WEALTH FUND "SAMRUK-KAZYNA" JSC


САМРУК
ҚАЗЫНА


САМРУК
КАЗЫНА